## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 ақпандағы N 218 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 10 желтоқсан N 1296

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 ақпандағы N 218 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарында:

"Заң жобасының атауы" деген бағандағы реттік нөмірі 47-жолда "Қазақстан Республикасының Су кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Су кодексі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 47-1-жолмен толықтырылсын:

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 47-1. | "Ұлттық мұрағат қоры мен мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы | ҚПА | қыркүйек | қазан | қараша | Жәшібеков Ғ.Б. |

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК